

*Қ. М. Әлімбаев, Жоғары оқу орнынан кейін білім беру институтының магистранты,
полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚОҒАМДАҒЫ ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Қылмыскердің қылмыс жасар алдындағы нақты өмір жағдайындағы қылмыс жасауға себепкер болатын ниеттің қалыптасуына әсер ететін сыртқы (объективтік) факторлардың болатындығын атауға болады. Аталған адамның нақты өмір жағдайында қалыптасқан объективтік шындықтың жиынтығын құрап, сол адамның мінез-құлқына әсер етеді, қылмыстық қол сұғушылыққа жол бастайдыⁱ. Нақты өмір жағдайларында объективтік рөліне қарай қылмыстық жолға түсуге ғана бағытталмай, қылмыстың болуына тосқауыл болушы немесе баламалы сипатта да болуы мүмкінⁱⁱ.

Нақты өмірлік жағдайлар келесідей элементтерден тұрады: қылмыстық қол сұғушылықтың заты, қылмыс жасау орыны, тәуліктің уақыты, жыл мезгілі және тағы басқалары.

Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша адам өлтірудің сараланған түрлерінде нақты жағдайдың негізгі элементтеріне талдау жүргізілді. Олардың қатарына қылмыс жасау орнының сипаты анықталды, нақтырақ, қылмыстың орны мен уақыты, соған қоса жәбірленушінің жеке басын атауға болады.

Қылмыстың жасалу орны. Қаралған қылмыс түрінің белгілі бір орында жасалу сипаты ерекше мәнге ие. Жүргізілген зерттеулердің мәліметтер бойынша қалаларда және қала типтес поселкаларда Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігінде қаралған барлық қылмыстардың 96 % жасалса, осы қылмыстардың 3,5 % ауылдық жерлерде жасалғанⁱⁱⁱ.

Қылмыстың жасырындылығын анықтау барысында Қазақстанда жаппай аталған қылмыстың түрінің ауылдық жерлерде де аз жасалмайтындығына көз жеткізеді. Бірақ, қаланың тұрмыс-тіршілігінде адамға өлім келтірудің криминогендік жағдайы жоғары. Ол ауылдық жермен салыстырғанда қала жағдайында жақын тұрмыстық айналасынан болатын әлеуметтік бақылаудың әлдеқайда әлсіз екендігімен түсіндіріледі. Қаладағы адамдар арасындағы байланыстардың көлемі бейресми байланыстар мен қоғамға жат элементтердің әсерінің басымдығымен өлшенеді.

Ауылдағыларға қарағанда қалалықтардың әлеуметтік жағдайлары жалпы алғанда жоғары болып келеді. Бірақ, қала тұрғындарының әлеуметтік әр түрлілігіне қарай, олардың қарым-қатынастары тұрақты емес, бір-бірімен үйлеспей жатады, сондықтан олардың ортасында жиі қақтығыстар болып тұрады. Бұл жағдайларды «криминогендік факторларға тән құбылыс» — деп, ғалым-заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор Л. И. Спиридонов өзінің еңбегінде атап өтеді^{iv}.

Қаладағы құндылықтар жүйесіндегі қала өміріндегі белгілі бір қайшылықтарда жеке адамның өмірлік сәтсіздіктері, барлық келеңсіз нәрселердің жеке адамның өмір

жағдайының шындығына сәйкеспейтіндігі өткірлене түседі. Осыған орай профессор М. М. Бабаев «Бұл аталғандарды жинақтала келе ауылдағымен салыстырғанда жеке адамға криминогендік әсер етуі жоғары болады» — дейді¹.

«Қалалық» және «ауылдық» деп тұрғындарды дәстүрлі түрде жіктеу қазіргі таңда шарттылыққа ие, себебі, халықтың, материалдық және рухани тіршіліктің қалаларға шоғырлануы, индустрияландыру, тұрғындардың қалаға көшіп-қонуы, бұқаралық ақпарат құралдарының және байланыстың дамуы, қалалар мен ауылдардың арасындағы алшақтықтардың кемуі басым болып отыр.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың орны. Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстарды жасаудың орны маңызды элемент болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің материалдарына сәйкес, кей жерлерде осы қылмысты жасау: пәтер, үй, саяжай — 83,6 %; көше, алаң, саябақ, сквер — 2,6 %; мәдениет үйі, дискотека — 1,8 %; үй ауласы, кіреберіс — 1,9 %; жатақхана — 1,6 %; қала сыртындағы аумақта — 8,5 % болып табылады.

Құқық қорғау органдары үшін (әсіресе ішкі істер органдары үшін) үйлердегі жатақханаларда, пәтерлерде, маскүнемдермен және отбасылық жанжал шығарушылармен жүйелі түрде тұрмыс тұрмыстық қарым-қатынастар саласында жеке — ескерту жұмыстарын, профилактикалық нысандары мен қызмет әдістерін жетілдіру қажеттілігін білдіреді.

Қылмыс жасаудың уақыты. Қарастырылатын қылмыстың жасалған уақыты туралы зерделеу өте елеулі маңызы бар мәселе. Біз зерттеген адам өлтірудің сараланған түрлері туралы істерде қылмыстың жасалуы тәулік уақыты бойынша былайша бөлінеді: күндіз (12—18 сағ.) — 40,9 %; кешке (18—24 сағ.) — 39,4 %; түнде (0—6 сағ.) — 6 %; таңертең (6—12 сағ.) — 4,6 %. Деректерге сүйенетін болсақ, осы санаттағы қылмыстардың көпшілігі күндіз және кешке жасалды екен.

Қылмыс жасауда күннің сипаттамасы маңызды мәнге ие. Қылмыстардың едәуір бөлігі ерекше күндері жасалады: демалыс алдындағы күндері (жұма, мерекелік күн қарсаңында) — 44,7 %-ға дейін; демалыс күндері (сенбі, жексенбі) — 36,6 %; мереке күндері — 10,4 % , ал қалған күндеріне осы қылмыстардың тек 8,3% келеді. Ерекше күндері жасалған осы санаттағы қылмыстардың айтарлықтай саны, бұл күндері әдеттегі спирттік ішімдіктерді өлшеусіз тұтыну мүмкіндіктерінің артуы және содан туындаған жанжалды жағдайлармен тікелей байланысты.

Осылайша, ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстарды жасау уақыты туралы көрсеткен деректер алдын алу шараларын өткізу барысында күндізгі, кешкі, түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс алдындағы, демалыс және мереке күндері ерекше қырағылық танытуы тиіс екендігін анықтайды.

¹ Антонян Ю. М. Роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступления. — М., 1973.; Кудрявцев В. Н. Причинность в криминологии. — М., 1968.

-
- ii Алимов С. Б. Ситуация совершения преступления и ее криминологическое значение: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1971.
- iii Ауылдық жерлердегі қылмыстар қатарына ауылдан тыс мекендерде жасалған (далада, жолда, орманда) қылмыстар да енгізілген.
- iv Спиридонов Л. И. Социальный механизм действия уголовно-правовых запретов. — М., 1976.
- v Бабаев М. М. Правонарушения в городе и деревне: социальные и психологические аспекты. — М., 1978.